

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС
АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№31 Ш.УӘЛИХАНОВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№31 ИМЕНИ Ш.УАЛИХАНОВА»
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Жүзімдік ауылы, Б.Қалмаханов көшесі №86
Тел: +7(72537)7-51-72

С.Жузумдик, улица Б.Калмаханов №86
Тел: +7(72537)7-51-72

БҰЙРЫҚ

№ 140

ПРИКАЗ

29.08.2022 илч

«2022-2023 оқу жылының сабақ кестесін бекіту және мектептің жұмыс режимі туралы»





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығының 2 қосымша 2 тарау 37 тармағын басшылыққа ала отырып ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017.16.08 № 611 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың негізінде және 2022 жыл 29 тамыз күні өткізілген педагогикалық кеңес отырысының №1 қаулысына сәйкес мектеп жұмысын нақты ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**


1. 2022-2023 оқу жылы мектепте оқу 5 (бес) күндік оқу, 5 (бес) күндік жұмыс аптасы, сабақтың ұзақтығы 45 минут болып бекітілсін.
2. Мектепте бекітілген кестеге сәйкес сабақ 2ауысыммен ұйымдастырылсын. Сабақ 1 ауысымда сағат 8:30-да және 2 ауысымда 14:00-де басталсын.
3. Сабақ кестесі талапқа сай ережемен түзілсін және мектеп директоры, ата-аналар комитеті, кәсіподақ комитеті төрайымдары бекітсін.
4. Сабақтардың үзілістер кестесі бекітілсін және үзіліс ұзақтығы санитарлық нормаға сәйкес оқушылардың тынығуына және ыстық тамақ ішуіне ыңғайлы болсын. (1 қосымша)
5. 2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің үзіліс кезінде және тасымалға кезекшілік кестесі түзіліп кезекшілік кестесі бекітілсін.
6. Сабақтармен сынып сағаттары қатаң түрде сабақ кестесі бойынша өткізілсін.
7. Kundelik.kz электрондық журнал уақтылы толтырылсын және бағаны түзетуге қатаң тыйым салынсын.
8. Білім алушылардың келуі мен кетуі туралы журналына өзгертулер директор бұйрық шығарған соң ғана енгізілсін.

9. Білім алушыларды сыныптан шығарып жіберуге, оларға рухани немесе физикалық әсер етуге тыйым салынсын.
10. Оқушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жауаптылық және сабақ кезінде санитарлық нормалардың сақталуы сабақ өткізетін мұғалімдерге жүктелсін, үзілісте кезекші мұғалімдерге жүктелсін.
11. Сабақ кестесі бойынша сыныпта соңғы сабағын өткізетін пән мұғалімдері балаларды шығатын жерге дейін алып барсын.
12. Білім алушылар тамақтанар алдында сабақ өткізетін мұғалімдер балаларды асханаға алып барсын.
13. Сынып жетекшісі бағдарламаға сәйкес білім алушылармен бірге жол қозғалысы, өрт қауіпсіздігі, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, төтенше жағдайдағы іс-әрекетпен таныссын.
14. Кабинетте сабақ өткізетін мектеп мұғалімдері сабақ біткен соң құбырлар мен терезелердің жабылғанын, жарықтың өшірілгенін міндетті түрде тексерсін.
15. Терезе ашық қалғаны, жарық пен су өшпегені үшін дербес жауаптылық кабинетте сабақ өткізетін қызметкерлерге жүктелсін.
16. Барлық педагог жұмысқа сабақ басталардан 15 минут бұрын келсін, ал кезекші әкімші 30 минут бұрын келуі тиіс, ол міндетті түрде кезекшілікті өткізуі тиіс.
17. Кез келген іс-шараны (ата-аналар жиналысын, экскурсия, серуен және т. б.) өткізу үшін жоспарлы іс-шарадан 3 күн бұрын ол туралы толық ақпаратты жазбаша түрде ұсыну арқылы директордың ауызша немесе жазбаша рұқсатын алу керек (іс-шара мектептен тыс жерде өткізілген жағдайда).
18. Жұмыскер сырқатынан кейін жұмысқа шыққанда еңбекке жарамсыздық парағын өткізсін.
19. Педагогтер кесте бойынша сабақ санына қарамастан мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жиналыстарға, семинарлар мен педагогикалық кеңестерге қатыссын.
20. Мектепте және оның аумағында мұғалімдер мен жұмыскерлердің шылым шегуіне қатаң тыйым салынсын.
21. Бұйрықпен барлық қызметкер таныстырылсын.
22. Осы бұйрықты басшылыққа ала отырып тиісті жұмыстарды үйлестіру және орындалу жауапкершілігі мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Дюсенова мен Сакибековаға және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Усенов пен Р.Есжанова жүктелсін.

Мектеп директоры:  А.Камбарова

Бұйрықпен таныстым:

	
(қолы)	(Т. А. Ә.)
	Р.Есжанова
(қолы)	(Т. А. Ә.)
	А.Дюсенова
(қолы)	(Т. А. Ә.)
	Сакибекова
(қолы)	(Т. А. Ә.)



Бекітемін:
Мектеп директорының
29.08.2022 жылғы
1610 бұйрығына 1-қосымша

Сабақ	Бірінші мезгіл	Екінші мезгіл	Үзіліс
1 - сабақ	$8^{30} - 9^{15}$	$14^{00} - 14^{45}$	5 минут
2 - сабақ	$9^{20} - 10^{05}$	$14^{50} - 15^{35}$	5 минут
3 - сабақ	$10^{10} - 10^{55}$	$15^{40} - 16^{25}$	15 минут
4 - сабақ	$11^{10} - 11^{55}$	$16^{40} - 17^{25}$	5 минут
5 - сабақ	$12^{00} - 12^{45}$	$17^{30} - 18^{15}$	5 минут
6 - сабақ	$12^{50} - 13^{35}$	$18^{20} - 19^{05}$	5 минут
7 - сабақ	$13^{40} - 14^{25}$		5 минут
8 - сабақ	$14^{30} - 15^{15}$		